

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің бастамасымен Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің студенттерімен адалдық сағаты өтті.

Іс-шара барысында оқушыларға адалдық, әділдік, парасаттылық, ар-намыс секілді адами қасиеттер түсіндірілді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы жастардың ролі талқыланып, еліміздің болашағы жастардың бойында білімімен бірге тәрбиесі мықты болуы қажет екендігі айтылды.

Кездесуде ақын-жазушылардың, белгілі тұлғалардың шығармашылығы мен өмір жолынан мысалдар келтіріліп, кез-келген жағдайда шындықты қолдау қажеттігі жеткізілді.

Шара барысында оқушылар адалдықты, парасаттылықты қалай түсінетінін, оны қалыптастыру жөніндегі ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, өскелең ұрпақ ойында жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасты.



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов
QAZAQSTAN ұлттық арнасында тікелей эфирде сұхбат береді.

QAZAQSTAN
www.qazaqstan.tv

АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ
ҚР Білім және ғылым министрі

**ЖЕДЕЛ
ЖЕЛІ**

**БҮГІН
20:30**

+7 705 580 66 23
jedeljeli@qazaqstan.tv

f i t v qazaqstantv

«BILIM-ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы және Үздік студентер академиясының ұйымдастыруымен Тәуелсіз мемлекеттер достастығының студенттері арасында өткен «ТМД-НЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» атты халықаралық байқауға қатысып жеңімпаз атанған ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ ӘБДІҚАДЫР 2-ДӘРЕЖЕЛІ дипломмен және «ТМД-НЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» төсбелгісімен марапатталды.

Жетекшісі: Елшенова Ғалия



Сегодня в Колледж Им. Кастеева было открытие выставки посвященная герою Талгат Бегельдинову.

Мои студенты выполнили работы в технике коллаж.



06.09.2022 жылдың жаңа оқу жылының басталуымен Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің жатақхана ғимаратында, жатақханада жататын студенттерге колледж педагог-психолог: Достаева А.Б, колледж медбикесі Қуатбекова К.Р., жатақхана тәрбиешісі: Абдималикова А. - "Салауатты өмір салтын сақтау" және ішкі тәртіп-тәрбие ережелері, көңіл-күйзелістері, қарым-қатынас бойынша тақырыптармен жиналыс өткізілді.



«EcoStudentKZ» челленджі

Елімізде жанашыр студенттердің бастамасымен «EcoStudentKZ» челленджі бастау алды. Алғаш болып шымкенттік студенттер "Қошқар ата" өзенінің жағалауында бейберекет жатқан қоқыс орындарын тазалап «Эко-плоггинг» өткізді.

Келесі кезекте павлодарлық студенттер эстафетаны жалғастырып, қаланың саябақтары мен алаңдарын қоқыстан тазартатын болады.

Қазақстан тұрғындарына айтарымыз - өзің отырған жерге қоқыс тастама. Осы челлендж арқылы отанымызға деген сүйіспеншілігімізді танытайық!



Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің медбикесі Қуатбекова Кумисай Рахматуллаевна және колледж психологы Тулегенова Бибигул Ержанқызының ұйымдастыруымен "Дау-мед" медициналық клинасынның психолог дәрігері Абатова Гультайруз Утарбаевнаны шақыра отырып, 16.03.2022 күні "Жыныстық жолмен жұғатын аурулар мен ерте жүктілікті болдырмау және алдын алу бойынша сұхбат" тақырыбында түсіндірме іс-шарасы өтті.

